

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 513 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қаңтардағы N 62 Қаулысы

Жоғары оқу орындарында магистрлер даярлауға бөлінген мақсатты қаражат көлемін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық бюджеттен қаражат алатын білім беру ұйымдарында кәсіптік орта білімді, кәсіптік жоғары білімді және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлауға 2004/2005 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырыстарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 513 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 20, 261-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген кәсіптік жоғары білімді мамандар даярлауға 2004/2005 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында:

"Магистратураға қабылдау" деген тарау мынадай редакцияда жазылсын:

Коды	Мамандықтар тобының атауы	Мемлекеттік тапсырыс	Оқу жылы ішінде 1 магистрантты оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4
	Барлығы	2526	
6N0100	Білім	474	119,5
6N0200	Гуманитарлық ғылымдар	333	119,5
6N0300	Құқық	122	119,5
6N0400	Өнер	49	134,8
6N0500	Әлеуметтік ғылымдар және бизнес	513	119,5
6N0600	Жаратылыстану ғылымдары	502	118,9
6N0700	Техникалық ғылымдар және технологиялар	455	121,3
6N0800	Ауыл шаруашылығы ғылымдары	44	121,9
6N0900	Қызметтер	20	121,3
6N1200	Ветеринария	14	121,9
ІІМ-нің академиясы			
6N0303	Құқық қорғау қызметі	25	352

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК